

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ жылғы «__» _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

«__» _____ 20 __ года

2022 жылғы 11 мамырда жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
Ә. А. Смайыловқа**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ

Құрметті Әлихан Асханұлы!

Біздің депутаттық сауалымызға Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Жолдауындағы батыл шешімінің арқасында елімізде жаңа облыстардың құрылатынына сәйкес сол аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуының жағдайы негіз болып отыр.

Осыған орай, еліміздегі барлық облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері және министрліктер бір-бірімен аймақтардың әлеуметтік-экономикасын дамыту мақсатында бірігіп, меморандумға қол қойып, жұмыстар атқаруы қажет деп есептейміз. Өйткені жаңадан ашылған облыстардың дамуына көптеген септігі тиері анық. Бұндай аймақтық саясат халық шаруашылығы кешеніндегі әрбір аймақтың экономикалық орнын, ерекшеліктерін ескереді. Аймақ деңгейіндегі проблемаларды шешуге, оның ішінде кәсіпкерліктің, ауыл шаруашылығының дамуына ықпал етеді.

Ата бабамыз «Көптің тілегі – көл, көп біріксе, ел болады» - демекші, барша облыстар бірігіп, жаңадан құрылатын облыстардың дамуын қамтамасыз ету мәселен шешу үшін:

- Ел Президентінің халыққа Жолдауындағы «Қуатты өңірлер – қуатты ел» деген ұстаным әрдайым өзекті. Осы орайда, еліміздегі әкімшілік-аумақтық құрылымның оңтайлы болуы өте маңызды екенін атап өтті. Осыған сәйкес жаңадан құрылған Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарын қолдау мақсатында барлық облыстар бірігіп, жан жақтан ірі кәсіпкерлерді, инвесторларды тартып, аталған облыстарды дамыту үшін меморандум жасауды;

- Түркістан облысындағы халықтың күрделі мәселесін шешу мақсатында елдің қамын ойлайтын, жанашыр азаматтары енген ақсақалдар алқасының тәжірбиесін қолдана отырып, Абай, Ұлытау, Жетісу облыстарында аталған алқаларды құруды;

- Абай, Ұлытау, Жетісу облыстары бойынша ұзақ мерзімді дамыту шараларын әзірлеуді ұсынамыз.

Депутаттық сауалға заң талаптарына сәйкес жазбаша жауап беруіңізді сұраймыз.

**Құрметпен,
«АМАНАТ» партиясы
Фракциясының мүшелері**

**Аграрлық мәселелер комитетінің
мүшелері**

**Ф. Қаратаев
А. Қожахметов
Б. Бекжанов
Қ. Ержан
С. Ақышев
Ә. Рахымжанов
М. Елюбаев
Е. Жаңбыршин
Ж. Телпекбаева
Г. Нұрымова
З. Камасова
Ә. Әбсеметова
Е. Бейсенбаев
Е. Саиров**

**Е. Барлыбаев
Б. Оспанов
Қ. Абасов
А. Амирханян
А. Әбілдаев
А. Бердалин
А. Қоңыров
Н. Ожаев
Ш. Осин
Б. Сартбаев
Б. Торғаев
М. Төлөпберген
А. Үйсімбаев**

Қазақстан халқы Ассамблеясынан

№ исх: ДС-175 от: 12.05.2022

сайланған депутат

В. Набиев

*Орын: Әуенов Ө.Ө.
Тел: 746356*